

Ақын шығармаларындағы көнерген сөздердің лексика – семантикалық топтары. (Нұртуған Кенжеғұлұлы және Қарасақал Ерімбет шығармашылығы бойынша)

Тілдегі сөздердің көнеруі не біржола жоғалуы – күрделі құбылыс, ол өте ұзақ уақытты қажет етеді. Белгілі ұғымның көнеруіне байланысты ұғымды аңғартатын сөздің де қолданысы сирей бастайды. Тіл – тілде дамудың әртүрлі кезеңдері тудырған тіл өрнектері толып жатыр. Ондай тіл фактілері өткен дәуірдегі болған оқиғаларды тарихи жағдайға байланысты суреттеуде жұмсалады, әрі шығарманың көркемдік дәрежесін арттырып отырады.

XIX ғасырдың соңғы ширегінде Сыр, Арал өңірінен шыққан қазақтың даңғайыр ақындары Нұртуған Кенжеғұлұлы мен Қарасақал Ерімбет шығармаларының аясы өте кең, сан алуан. Аталмыш ақындар өздері өмір сүрген дәуір тынысын сезініп, біліп, танып, шығармалары арқылы үн қосып отырған. Ақындар көркем шығармаларында көнерген сөздерді қолдана отырып, шығарманың лексика – семантикалық қабаттарын байыта, ажарлай түскен.

Көнерген сөздер ескіру көрсеткіші арқылы ғана қазақ тілінің лексикасынан оқшауланып, көнерген сөздердің лексикасын құра алады. Бұл екі лексикалық топтың арасындағы айырмашылық сөздердің әрі тұрақты, әрі белгілі бір принципке негізделген қасиеті болып табылады. Тілдегі көнерген сөздерді негізінде төмендегі екі топқа бөлуге болады:

- 1) Историзм
- 2) архаизм.

Историзм – заттар мен құбылыстарды тарихи тұрғыдан қарау.

Архаизм – гректің *archaios* “көне” деген сөзінен шыққан. [1.28]

Архаизмдерге әр халықтың күн көріс тіршілігіне, салт – сана тұрмысына, әдет – ғұрпына, дүниетанымына қарай әр дәуірде өзгеріп, басқаша сөздермен ауысып отырған немесе ескеріп біржола қалып қойған сөздер жатады. [2.86]

Ө. Болғанбаев архаизмдерді де, тарихи сөздерді де лексикалық топтарға бөліп қарастырған. Негізіне келгенде көнерген сөздерді тарихи, көне дәуірде сипаттауда ғана кездестіреміз.

І.Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев еңбектерінде көнерген сөздердің лексика – семантикалық мағыналарына қарай материалдық мәдениетке байланысты, әкімшілік басқаруға байланысты, қазақ қоғамының қоғамдық өміріне байланысты, октябрь дәуірінен кейін туған сөздер деп бөледі. [5.143]

А. Махмұтов 1963 жылы «Қазақ тіліндегі архаизмдер мен историзмдер» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғады. Ол көнерген сөздерді діни әдет – ғұрыптарда кездесетін сөздер деп алады да, оның ішінен: а) діни алым – салықтарды білдіретін сөздер: садақа, зекет, підия, пітір, ұшыр т.б. ә) ертегі әлеуметтік тұрмысқа байланысты діни жөн – жоралғыларға қатысты сөздер: иман айту, дұға оқу, тұмар тағу, құран оқу, жарапазан айту т.б. б) діни мейрамдар мен түрлі ырымдарға қатысты сөздер: құрбан айт, ораза айт, наурыз, тасаттық т.б. – деп топшылайды. [3.132-135]

Ал, Ә. Болғанбаев «Қазақ тілінің лексикологиясы» оқулығында көнерген сөздердің лексика – семантикалық топтарын, яғни архаизм мен историзмді өз алдына жеке дара төмендегідей топтайды.

Қазақ тілінде архаизмдердің мынадай түрлері бар: мата – кездеме атауларына байланысты архаизмдер; салт – сана, әдет – ғұрыпқа қатысты архаизмдер; киім – кешек, ыдыс – аяқ атауларына қатысты архаизмдер; діни ұғымдарға қатысты архаизмдер; үй тұрмысына қатысты архаизмдер жалпы түрік тілдеріне тән архаизмдер деп бөледі де, историзмдерді мынадай үш топқа бөледі:

- Әкімшілік басқарумен байланысты туған историзмдер
- Әскери атақ пен қару – жараққа қатысты историзмдер.
- Совет тұсында пайда болған историзмдер. [4.86-88]

Аталған ғалымдардың классификациясын негізге ала отырып және Нұртуған Кенжеғұлұлы мен Қарасақал Ерімбет шығармаларындағы архаизмдер мен историзмдерді саралай келіп, шартты түрде көнерген сөздерді мынадай лексика – семантикалық топтарға бөліп қарастырғанды жөн көрдік.

1. Діни ұғымдарға қатысты көнерген сөздер

2. Іс - әрекет, мінез – құлық атауларына қатысты көнерген сөздер

3. Әскери атауларға, қару – жарақ атауларына қатысты көнерген сөздер

4.Әкімшілік, адамның кәсіптік атауларына байланысты көнерген сөздер.

5. Үй мүліктеріне, киім – кешек, мал атауларына қатысты көнерген сөздер.

Н. Кенжеғұлұлы мен Қ. Ерімбет шығармалары түгелдей өлең жолдарынан құралған: тағылымдық- философиялық өлеңдер, діни- танымдық философиялық өлеңдер, арнау- толғаулар, айтыстар, дастандар.

1. Діни ұғымдарға қатысты көнерген сөздер.

Әуелі тілім *жаббар* хақтан,

Сөз шығар қиял мен ой, тіл мен жақтан. [6.16]

Бұл өлең жолдарындағы жаббар – күшті құдай, ие, қожа деген мағынада. Араб тілінде жаббарун (могучественный, могучий; гигантская сила; жестокий, немилосердный; великан, гигант, богатыр) құдіретті, аса күшті рақымсыз, мейірімсіз, алып, үлкен батыр дегенді білдіреді (АРС, М., 1958, 142).

Жас жанға жүрім бергей жаббар Алла!

Болған соң рауасы қадір *Құда*. [6.39]

Құда – діни ұғым. Құдай, Алла, тәңір. Парсы тілінде хода (бог, господь) құдай, тәңір деген сөз. (ПРС., М., 1960, 188).

Бұл сөздер ақындарға дейін де, олар өмір сүрген тұста да әдеби тіл құрамында болған. Олардың көнеруі Кеңес дәуірі тұсында.

Мен сізден қашамын ба бөтен жаққа, *Құданың* асығыс жоқ бұйрығына (Айман - Шолпан).

“Ата – анам, ел – жұртым, Тапсырдым енді *Құдаға*” (Қобыланды батыр)

Сүйендім жалғыз Алла, өзіңе адал,

Шипа бер кеселіме, сен *зұлзалал*. [7.276]

Зұлзалал – діни ұғым. Құдірет, дүниенің тірегі, жасаған. Екі түбірден құралған араб сөзі: заулун (привидение, дух) көзге елестеу, әулие, аруақ. Жалалун (быть великим, величественным, славным, могущественным) ұлы, даңқты, құдіретті болу дегенді білдіреді (АРС., М., 1958, 162, 424)

Ақындар шағармаларында діни ұғымдағы сөздерді көптеп кездестіреміз: **кәуір, махшар, бақсы, топан, пір, хақ, Ібіліс, аят, пірадар, пешене, сопы, рабат, бесін, підия, шәһим (шейіт), сахаба, мүрит, пір, хақ, ібіліс, аят, мүһмін, тәубе, хазірет, аждаһа, зұлпыхар** т.б.

Қазақ тілінде бірқатар көнерген сөздер дін уағыздарымен тікелей байланысты. Ақындар жоғарыдағы діни ұғымдағы сөздерді өлеңнің өн бойына сыйдырып, дамыта баяндайды.

2. Ис - әрекет, мінез – құлық атауларына қатысты көнерген сөздер.

Сөйлеймін *тағрипыңды*, ей, Мехрибан,

Разы бұл пәниде барша саған. [8.65]

Тағрип – кирату, құрту, талқандау, жойқын. Парсы тілінде тахриб (разрушение, уничтожение, опустошение, разорение) бүлдіру, құрту, түк қалдырмау, талау дегенді білдіреді (ПРС., М., 1960, 112 б). \

Ақылға сыймас ол Алла. *Тағрипқа* тілім қысқа – аһ. (Абай)

“Қырық мың *жығын* қол болса, Салармын, деп, - тезіме!” [9.95]

Жығын – жығын болды. Жығылды, жеңілді. “Бұл кетіп, қайтып келген соң бізді жаман қылар», - деп хан елі, бек қатты қорықты. Малын баға алмады, отын жаға алмады. Ханы, халқы *жығын* болды, сондай жұрты әбігер тартты” (Ер Тарғын)

Шығармаларда жоғарыдағы сөздермен бірге **нияз, кәр, таланы, әбес, әбестік, мәуірттеу, атой, жәһад, ғаріп, пақыр, шарапатлы, ғазиз, мағлұм, әзиз, қарар, мекерлік, мекер** т.б. сөздер қолданылған.

3. Әскери атауларға, қару – жарақ атауларына қатысты көнерген сөздер.

Нар қорқады *жампоздан*,

Қысылсақ жүкті жөнге сал. [8.58]

Жампоз – қыран, бүркіт, батыр деген мағынада. Қырғыз тілінде жампоз (один из видов беркута) бүркіттің бір түрі деген сөз (Кир. РС., М., 1940, 157.) Ерден туған *жампозға*, Арыса кірей сала алмас. (Шернияз)

Дұшпанның бір күнде алған сан шаһарын?!

Баһадүр, батыр болсаң, Ғали қайда,

Суарған судай қанға зұлпыхарын?!

Зұлпыхар.1. Діни ұғым. Мұхаммед пайғамбардың өте үлкен, өткір қылышы дейтін мифтік наным. 2. Ауыс мағынада. Батырлар асынатын карапайым өткір қылыш. Темірден де өтеді екен. (Батырдың) қолындағы зұлпыхары (Ә. Тәжібаев). Дәумен найза салысқан, Диюменен жарысқан, *Зұлпыхарын* сілтеген, Сілтесе қылыш тас кескен (Жамбыл).

Ақындар аталмыш қару – жарак, әскери атауларға байланысты мынадай көне сөздерді де өте орынды қолданған: **сарбаз, саржа, жасауыл, найза, аламан, садақ, атшабар, атой салу, жасақ, дәндеку, дәндек, оқшантай.**

Н. Кенжеғұлұлы, Қ. Ерімбет шығармашылығындағы жыр – дастандардың көбісі ел қорғау, батырлық, ерлік тақырыбына арналған.

4. Әкімшілік, адамның кәсіптік атауларына қатысты көнерген сөздер.

Басқарған Қазалының адамына

Көшірме әр әділге көшірілді,

Нұсқасын жолдап тұрмын *оязыма*. [7.292]

Ояз. Уезде басқаратын әкім. Орыс тіліндегі «начальник уезда» деген ұғымның баламасы.

Жай жүргенде бір күні «Атшабар келді лепілдеп», *Ояз* шықты Сыз бар.... «Ылау» деп «Үй» деп дікілдеп. (Абай) Орныңнан тұра шабасын, Атшабар келсе қышқырып, *Ояз* келсе қайтар ең. Айдаһардай ысқырып (Абай)

Бөлімі үш мың үйден он бір *болыс*,

Бұйрық бер қол астында адамыңа [7.293]

Болыс. Ескі Россияда Октябрь революциясына дейін территориялық жер ыңғайымен бөлінген уездің бөлімшесі. 1916 жылы он төрт *болыс* иіріліп, адам саудасы, ар саудасы қызған кезде, сол базардың кіндігі болған көк үй әлі тұр. (Ғ. Мұстафин).

Сонымен қатар ақындар шығармаларында әкімшілік, адамның кәсіптік атауларына байланысты мынадай сөздер кездеседі: **патша, би, хан, дат, датқа, пәрман, бек, төре, ауылнай, шерші, баршы, шайыр, нәби, құл-құтан, бадырақ, кембағал.**

Ақындар шығармаларында өздері өмір сүрген дәуірдегі әкімшілік, ел басқару орындарындағы адамдарды көркем шеберлікпен суреттеген.

5. Үй мүліктеріне, киім –кешек, мал атауларына қатысты көнерген сөздер.

Түрікпен бау алты қабат, ақ текемет,

Қалы кілем орын алатын ылғи төрден [7.330]

Қалы кілем (асыл, үлкен кілем). Парсы тілінде гали (ковер) кілем дегенді білдіреді. (ПРС., 1960,377).

Қалы кілем, қара нар, Тайтұяқ жамбы және бар, Дабылдарын бөктеріп, Аузы түкті қалмаққа, Көп ноғай сөйтіп жаранар (Қамбар батыр). Қара нар, қалы кілем – бұрынғы уақытта құрметті үлкен сыйлық тарту ретінде “қара нар”, “қалы кілем” берген.

Келген соң тыр жалаңаш біраз жүріп,

Сонан соң мал терісінен *жарғақ* киген. [7.285]

Жарғақ – құлынның, тайдың немесе ешкінің терісінен жүнін сыртына қаратып жасалған киім. Бұл сөз Абайда да кездеседі. Жейде дамбал ақ – саннан жарғақ шалбар. Жырым балақ матамен әдептелген. (Абай)

Ешкі сойғанның екі малы бар: мүйізі пышағына сап, терісі баласына жарғақ (мақал).

Ақындар өмір сүрген уақытындағы жоғарыдағыдай үй тұрмысына, киім – кешек, мал атауларына қатысты сөздермен қатар: **кебеже, күйек, қазына, құмған, тулақ, дарғаһ, мұкамал, пәс, көбе, топырыш, кебін, тәж, шаһизат, сауыт, қамқа тон, батсайы, күйме, керуен, қазанат, қалың мал, қияқ, шер, шошала, шаһи, қамқа топы** т.б. сөздерді асқан шеберлікпен қолданған.

Қорыта айтқанда, Н. Кенжеғұлұлы мен Қ. Ерімбет шығармаларындағы көнерген сөздер біріншіден ақын суреттеп отырған дәуірдің тұрмыс – тіршілігін дәл, нақты көрсеткен, екіншіден ақындар шығармалары тілінің лексика – семантикалық қабаттырын байытып отыр.

Әдебиеттер:

1. Академия наук Казахстан ССР Известия серия филология и искусствоведения № 1 (14) 1960г.
2. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы. Санат, 1997ж.
3. Махмұтов А. Қазақ тіліндегі көнерген сөздердің басқа лексикалық топтармен қарым – қатынасы // Қазақ тілі мен диалектологиясының мәселелері. 5 – шығуы. А., 1963ж.
4. Болғанбайұлы Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. Алматы, Мектеп, 1988ж.
5. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика) Алматы, 1962 ж.
6. Кенжеғұлұлы Н. Кәнекей тілім сөйлеші.... I-кітап. Алматы, Ғылым, 1992ж.
7. Кенжеғұлұлы Н. Кәнекей тілім сөйлеші....III-кітап Алматы, Маржан. 1994ж.
8. Қарасақал Ерiмбет. Ұлағат сөзім ұрпаққа. Алматы, Маржан. 1995ж.
9. Кенжеғұлұлы Н. Кәнекей тілім сөйлеші....II-кітап Алматы, Маржан, 1994ж.

Резюме

В этой статье исследуется история устаревших слов, использованных в произведениях Н.Кенжегуловича и Е.Карасакала.

Rezume

This article analyzes the history of archaic words in the works of N. Kenjegulov and E. Karasakal.